	құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу. Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.	таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой –өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап» Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»	Бақылау: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсындар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? (күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады. Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.)	табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.Бұлт туралы түсінік беру. Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл). Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар) Болжам: аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны. Жұмбақтар: Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді, Бусанды бар алып, терледі, керілді. Бұл не? (Жаңбыр) Күндер қысқарады,	аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. Ол кісінің қолында қандай құралдары бар? Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе? Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек? Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу.
--	---	---	--	---	--

				<i>түндер ұзарады Кім біледі, кім айтады бұл қай кезде болады? (Күз)</i>	
Балалармен жеке жұмыс	Әнуар және Айшамен «Менің Қазақстаным» туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру. Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат». Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. •Гүл-араға, бал-балаға. •Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. •Гүл-араға, бал-балаға. •Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.	Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру. Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат». Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. •Гүл-араға, бал-балаға. Қызыл гүл көзге алыстан шалынар
Балаларды үйге қайтару	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, айналап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын

					мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	--	--	--	--	---------------------------------

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып

Білім беру ұйымының атауы:**С.Серіков атындағы ЖОББМ**

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбы

Балалардың жастары: 5-6 жас

Жоспарлау күні: 20.11-24.11, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.11.2023ж	Сейсенбі 21.11.2023ж	Сәрсенбі 22.11.2023ж	Бейсенбі 23.11.2023ж	Жұма 24.11.2023ж
Балаларды қабылдау	Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау Сыйластық туралы өз ойларын сұрау Ойын: «Мен қандаймын?» (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады.Көршісіне « Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жан-жануарларға мейірімді болу туралы пікірлесу, мақал- мәтел жаттау.Суретті кітапшаларды бояу.	« Мейірімді бала туралы әңгімелеп бер»Мақсаты: сөздік қорын дамыту.	«Сыйластық» туралы әңгімелесу.Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	« Сөйлемді аяқта» Менің досым.....(сыпайы, қайырымды, ақылды, ақкөңіл)Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.	Д/О «Достық неден басталады»Шарты: мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіндер.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 6				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.	Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу	« Менің досым»ойыны Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагог досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды.	«Менің айтуым бойынша». Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады.	- Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? -Жақсы көретін жан - жануарларың бар ма? Сұрақ-жауап
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сауат ашу негіздері Міндеті: Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру	Музыка Міндеті: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды	Дене шынықтыру Міндеті: Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды	Қазақ тілі Міндеті: Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Мақсаты Қазақ тіліндегі	Сауат ашу негіздері Міндеті:- Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Мақсаты дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру

	«Жалауша» дидактикалық ойыны – Балалар, мен сендерге дыбыс айтып, сол дыбысы бар сөздерді айтамын. Егер дыбыс сөз басында болса, қызыл жалаушаны, сөз соңында болса, көк жалаушаны, сөз ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер. Мысалы: (Е) етік, керік, себет, серке, Берік, ет, ер, елік, текемет, ел, тер, Ерлан, тәрелке, ешкі, күлтеше, жүрек, тірек, бәтенке, есік т.б.	сипаттай білу. Мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту Музыка тындау: «Туған ел» (Л. Хамиди)	жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Мақсаты Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. (3 рет) Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет)	сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. . Балаларға «Ғажайып алаң» ойынын ойнауға шақыру Балалар барабанды айналдыра отырып, ұпай жинайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды. Бірінші тапсырма: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау. Атам, әжем, Әкем, шешем. Әпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз	«Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны – Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларын керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек. Алма ... (үлкен), қой ... (арық), домалық ... (өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ... (кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ... (алма) т.б
--	---	--	--	---	--

Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Қайда жасырылғанын тап», «Мысықтар мен балалар»

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған орта Міндеті: Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Мақсаты Еңбек туралы жалпы түсініктерін бекіту	Қазақ тілі Міндеті: Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже,	Сауат ашу негіздері Міндеті: Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Мақсаты дыбыстық талдауды меңгертуді	Математика негіздері Міндеті: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және	Дене шынықтыру Міндеті: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Мақсаты) Бір құрсаудан
--	---	---	--	--

	арқылы балалардың сөздік қорын байыту. Ойын сәті. Педагог беті жабық себет алып шығады. – Менің қолымдағы себетте өте дәмді, біздің дастарқанымыздан күнде көретін, балаларға өте пайдалы тағам. Ол қандай тағам? (Себет толған сүт, айран, қатық, ірімшік т.б. өнімдері). Біздің бәріміз дәмді және пайдалы сүтті жақсы көреміз. – Қандай малдың сүтін шайға қосамыз, ішеміз? (Сиырдың). – Сиырды сауатын адамдар қалай аталады? (Сауыншылар). – Сауыншылар сиырды сауады. Сауылған сүт ыдыстарға құйылады. Сүтті арнайы зауыттарға әкеледі. Сол жерде сүттен май, қаймақ, айран, сүзбе дайындалады. Сүтті арнайы құрылғыларда өңдейді, өнімдерді әртүрлі	сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру. Мақсаты -таппақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету Мақал-мәтілдерді жаттап ал.Отан отбасынан басталады. Баланың бас ұстазы – ата-ана.	жалғастыру «Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б. «Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б	атау Мақсаты айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру «Жыл бойы» Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: – Ақпан жыл ішінде нешінші ай? – Жылдың соңғы айы қандай? – Қазаннан кейінгі қандай ай? – Жаз айларын ата және т.б. Ай аттарын есінде сақта. – Әр жыл мезгілінде неше ай бар?	екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру «Классиктер»: бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Нұсқау: аяқтарының ұшымен жұлқи серпілу; жерді табанымен толық баспайды. (3 рет)
--	--	--	--	--	---

ыдыстарға құяды, сүт өңдейтін аппараттарды, контейнерді маман басқарады. Содан кейін дайын болған сүт өнімдерін дүкендерге жеткізіледі (демонстрациялық материалдардағы суреттер).				
--	--	--	--	--

Үзіліс Қимылды ойын: «Күн мен түн»

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Сөйлеуді дамыту Міндеті: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Мақсаты Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқу Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата». Ойын шарты: Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты	Математика негіздері Міндеті: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру. Мақсаты : айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру Ойын сәті. Әлия мен Сырым «Бұл қашан болады?» деген жұмбақ шешуді ұсынады. – Бұл қашан болады? Күн суық, жаңбыр жиі жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге үзіліп түседі. Құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. Адамдар	Қоршаған орта Міндеті: Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау Мақсаты Адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Ойын «Кім жылдам?» . Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел. Сәуле балаларға сұрақ қояды: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын	Музыка Міндеті: - Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Мақсаты Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту Музыка тыңдау: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)	Көркем әдебиет Міндеті: Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Мақсаты Жағымды мінез-құлық қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Жануардың дауысын сал». Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у. Ешкінің дауысын сал – бе-е-е. Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды
---	--	--	--	--

	дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады	жеміс-жидек пен көкөністерді жинап алады. – Бұл қашан болады? Далада аяз болады, қар жауады. Үлпілдек қар жауса, одан аққала соғуға болады. Сусылдақ қар да жауады. Өзен-көлдердің суы мұз болып қатады. Мұз қатты, салқын және тайғанақ – Бұл қашан болады? Күн жылынып, қар ери бастайды, жылғалардан су ағады. Жерде шөп және алғашқы гүлдер шығады, ағаштар бүршік атып, жапырақ жаяды. Жылы жақтардан құстар оралып, ұя салады. – Бұл қашан болады? Күн ыстық болады. Өсімдіктер гүл атады. Адамдар өзен-суларға шомылады. Құстардың ұяларында балапандар пайда болады	айтады		ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге бастарын иеді. Көрермендер қол шапалақтайды
--	--	--	--------	--	---

Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене шынықтыру Міндеті: Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды	Көркем әдебиет Міндеті: Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне,	Математика негіздері Міндеті: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді	Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі
--	--	--	--	---

	айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Мақсаты: екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта жүруекі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру	иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Мақсаты ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу -Балалар, бүгін «Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? – Қасқыр жайылып жүрген нені көрді? – Қой қасқырға не деп жауап берді? Қалай құтылды? – Қасқырға тағы не жолығады? – Ешкі қасқырдан қалай құтылады?	қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау Мақсаты: айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог қуыршақты жыл мезгіліне сай киіндіруді ұсынады. Тақтадағы баланың суреті бойынша маусымға қарай киім таңдауға көмек көрсету. Қуыршақтың есімін қойып, жыл мезгіліне сай киіндіруге көмектеседі. – Далада күн суық болғанда қалай киіну керек? Ал күн ыстық болғанда ше? Педагог жыл мезгілінің суретін көрсетеді, балалар қуыршаққа киім таңдайды.	антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Мақсаты әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін түсіндіру Мақал-мәтелдерді қайталау. 1.Анаға бала алтыннан да қымбат. 2.Жаны саудың – тәні сау. 3.Ата – балаға сыншы. 4.Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ	бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Топтық жұмыс
--	--	--	--	---	--

		– Ертегі қалай аяқталды?			
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Күзгі желді бақылау Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардың желден сыбдырлағанын тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды). Жерге түскен жапырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау. Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады. Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма	Гүлзарларды бақылау Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, құрайтыны туралы түсінік қалыптастыру . Бақылау Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гүлзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады. Тақпақ: Гүл өсірем үйде Су құямын күнде Гүл күткенді біледі Бойын сылап сүйеді Күнде гүлін ашады	Күзгі жәндіктерді бақылау Мақсаты: күздегі жәндіктең жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру. Бақылау: шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қанқыз неге көрінбейді? Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? (оларға суық болды) Олар қайда тығылды? (ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына,	Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады. Тақпақ: Күзде жауын. Бұлт. Тұман Сары жапырақ жауады. Сары құйын ұйтқыған Сапырады ауаны Тапталады табанға Судыр- судыр жапырақ Өрттей сары бояуға Малынғандай атырап. М. Әлімбаев Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар». Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.	Жаңбырды бақылау Мақсаты: Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді бақылауды жалғастыру. Жазда жаңбыр қатты жауады бірақ қысқа және жылы болады. Ал күзде жаңбыр жиі жауып, суық боп келеді. Бұл кезде адамдар қолшатырдың астында тығылса, құстар ұяларына, ағаштың жапырағының астына жасырынады. Жаңбырлы күнді терезеден бақылау. Жаңбырдың терезені тарсылдатқанын тыңдап, тамшылардың терезе келіп түсіп аққанын тамашалау. Жолдарда қандай шалшық сулар пайда болғанын көру. Бүгін ауа-райы қандай? (Жаңбырлы, күн бұлыңғыр), Жаңбыр жиі жауып, күн суып, сіркіреп, жерде шалшық

	<i>(вертушка), желбіреуішпен. Көркем сөз: - Бұлт-ау көктен төнесің, Қайдан көшіп келесің, - Мұхит үрлесе, желемін! Жел үрлесе желемін!</i>	<i>Жұпарын маған шашады Ө.Тұрманжанов</i>	<i>түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу. Көркем сөз: «Көбелек» Көбелек –ау, көбелек! Әдемісің керемет Гүлге келіп қона ғой Өзің де гүл бола ғой.</i>		<i>сулар пайда болды. Жаңбырлы күнде жерді бақылау: ол қап қара, жабысқақ, сулы. Адамдардың киімдеріне көңіл бөлейік: (жауын өткізбейтін плащ, резенке етік, қолдарына қол шатыр ұстаған) .</i>
Балалар мен жеке жұмыс	Әнуар және Айшамен «Менің Қазақстаным» туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру. Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат». Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. •Гүл-араға, бал-балаға. •Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. •Гүл-араға, бал-балаға. •Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.	Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру. Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат». Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. •Гүл-араға, бал-балаға. Қызыл гүл көзге алыстан шалынар

Балалар ды үйге қайтару	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.
-------------------------------	--

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып

Білім беру ұйымының атауы: С.Серіков атындағы ЖОББМ

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбы

Балалардың жастары: 5-6 жас

Жоспарлау күні: 27.11-1.12. 2023-2024 оқу жылы

Күн	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
-----	----------	----------	----------	----------	------

тәртібі	27.11.2023ж	28.11.2023ж	29.11.2023ж	30.11.2023ж	01.12.2023ж
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Балаларды қабылдау Қалай демалғандарын сұрау.Тазалықтарын тексеру. Еңбек тапсырмасы:Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме:Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.	"Ойыншықтар дүкенінде" Мақсаты: Дүкенде өзін дұрыс ұстай білуге тәрбиелеу.	«Аурухана» Мақсаты: Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Паравоз» Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.	Допты қуып жет Ойын мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетерінің көлемін ажырата білуге баулу.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 6				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа,жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	«Ойыншықтар» деген сөзге сөйлем құрастыру. Ойыншықтар сөзіне дыбыстық талдау жасау.	«Ойыншықтар айтысы»әңгімесін оқу. Сұрақ-жауап	«Не жоқ?» ойынын ойнайық. Ойын ұйымдастыру, балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.	«Дидактикалық тапсырма» « Кім жылдам» сурет құрастыру./машина, доп, қуыршақты киіндіру/
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастыру	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сауат ашу негіздері Міндеті:Өртүрлі бағыттағы тігінен,	Музыка Міндеті:Қазақ халқының әндері мен би	Дене шынықтыру Міндеті:Қимылды ойынның дамуына ықпал	Қазақ тілі Міндеті: Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар,	Сауат ашу негіздері Міндеті:..Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы

ырылған іс-әрекет	көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Мақсаты: Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру. «Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны Педагог қандай да бір сөзді айтады, балалар қолдарын шапалақтап, сөзді буынға бөледі.	әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, Музыка тыңдау: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.ә. (өндеген М. Раухвергер) «Шаңырақ» ойыны	ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Мақсаты Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау.	тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. Мақсаты таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады . «Ғажайып алаң» ойыны Екінші тапсырма: Отбасы туралы қандай мақал білесіңдер? Балалар мақалдарды естеріне түсіреді. 1. Отан отбасынан басталады. 2. Баланың бас ұстазы – ата-ана. 3. Інісі бардың – тынысы бар, Ағасы бардың – жағасы бар. 4. Аға әдепті болса, іні әдепті, Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.	түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Мақсаты сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту «Буынды айтып сөз құра» дидактикалық ойыны Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал..., қар..., қа..., пи..., бә... т.б.
Үзіліс : Кеңістікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойындары					
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					

Қоршаған орта Міндеті: Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарауға баулу Заттардың адам өміріндегі аңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру Балалар, айналаға қарандаршы, бізді Мақсаты нелер қоршап тұр? (Өртүрлі заттар). Бізді қоршаған заттар бір ғана материалдан жасалған жоқ. Қолданылуына байланысты оларды әртүрлі материалдан жасайды, олар жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл, кедір-бұдыр немесе теп-тегіс болуы мүмкін. Әр заттың өзіндік мақсаты бар және ол бір нәрсеге қажет. Мысалы, үстел жазу үшін немесе оған тамақтану үшін қажет.	Қазақ тілі Міндеті: Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Мақсаты отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді. «Ғажайып алаң» ойыны Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс. Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды және сөздерден сөйлем құрайды. – Мынау – менің отбасым. Мынау – ата. Атамның аты – Атам теледидар көреді. – Мынау – менің әжем. Әжемнің аты – Әжем ән айтады. – Мынау – менің әкем. Әкемнің аты – Әкем ойыншық берді.	Сауат ашу негіздері Міндеті: - Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Мақсаты Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?» Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.	Математика негіздері Міндеті: -«жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету Мақсаты салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру Эксперименттік іс-әрекет Табақшаның тепе-теңдігі балаларға массаның теңдігін көрсетеді. Балалар қолдарындағы жолдорбалардың массасын салыстырады, таразыда үлкен массасы бар табақша төмен түсіп жатқанын бақылайды. Педагог екінші жолдорбаны ұқсас заттармен толтырады. Жолдорбалардың массасының теңдігі таразы табақшасымен тексеріледі. Әрі қарай, өлшемі бойынша үлкен, бірақ жеңіл зат, кішкентай, бірақ ауыр заттармен сәйкестендіруді ұсынады: өлшемі бойынша үлкен шарды, металл шарикпен немесе доппен сәйкестендіреді. Балалар бақылап, қорытынды жасайды.	Дене шынықтыру Міндеті:шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, Мақсаты Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді.
--	--	--	--	---

		– Мынау – менің анам. Анамның аты – Анам тамақ пісіреді. Біз тату тұрамыз			
Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Өзіңе жұп тап», «Ұшатын құстар »					
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Мақсаты Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту. «Қысқа дайындық» әңгімесімен таныс Мақал-мәтел: 1.Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. 2.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке. 3.Бейнетсіз рақат жоқ	Математика негіздері Міндеті:заттардың салмағы«жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру Мақсаты : заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру -Бүгін біз заттарды салмағы (массасы) бойынша салыстырамыз. Ол үшін қандай сөздерді қолданамыз? (Ауыр және жеңіл). Ойын тапсырмасы: «Ауыр және жеңіл заттарды табу». Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ туралы ұғымдарын анықтайды. Балалар ауыр және жеңіл	Қоршаған орта Міндеті: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу Мақсаты -мамандық иелеріне құрметпен қарауға, еңбектерін бағалауға тәрбиелеу «Не үшін керек?» ойыны Педагог карточкаларды көрсетеді, ал балалар бұл заттардың кір жуушы апайға не үшін қажет екенін түсіндіреді. Олар: кіржуғыш мәшине, үтік, үтіктеу тақтасы, киім кептіргіш, балалар сабыны, кіржуғыш ұнтағы	Музыка Міндеті: Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу Мақсаты Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, Музыка тыңдау: «Алатау» (Н. Тілендиев, ұнтаспадан) Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:	Көркем әдебиет Міндеті: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Мақсаты өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру - Бүгін ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз Қыс Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша-бауды, тауды да Бояған ақ түспенен, Қыс дегенің ақ қана, Үлбіреген мақта ма?

		заттарды табады: үстел, шкаф, орындықтар			Тыным таппай күнұзақ, Тұрғызады аққала
Үзіліс: . Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» (қайталау					
Дене шынықтыру Міндеті:- Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Мақсаты Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру	Көркем әдебиет Міндеті: Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Мақсаты Табиғаттың әдемілігін сезіне білу 1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра. Балалардың көңіл күйі қандай? Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың? 2. Кім қайда ойнайды? Сызып қос. 3. Жұмбақты шеш. Ақ көрпесін тұйықтап, Қыстай жатар ұйықтап. (Қар) Интерактивті тақтамен жұмыс: «Қайсысы артық?» ойыны. Ойын шарты: Тақтаға әр мезгілдің киімдері	Математика негіздері Міндеті: - «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету Мақсаты: «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету Эксперименттік іс-әрекет Педагог кейбір материалдарды өлшеуге ұсынады. / Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар /Педагог алақанға салуды сұрайды. Сол және оң жақ қолымда не бар? (Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы). Не жеңіл? Не ауыр? (мақта жеңіл, ал металл ауыр).	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Мақсаты , бірінің ойын бірі келген жерінен жалғастырып айтуды біледі Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта».	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Мақсаты:- балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен мүсіндеудің әртүрлі әдістерін, жапсыруда заттардың өлшемін, Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білу Топтық жұмыс	

		ілінеді. Осылардың ішінен артық киімді табады	Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз. Не болды? (Мақта ұшып кетті). Енді металл заттарды үрлеңіз. Олармен күресу оңай ма? (Гайкілер қозғалмайды). Неліктен? (Гайка ауыр, ол – металл. Металл мақтаға қарағанда ауыр, ал мақта металдан жеңіл дегенді білдіреді).		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	Әнуар және Айшамен «Менің Қазақстаным» туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру. Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат». Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. •Гүл-араға, бал-балаға. •Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. •Гүл-араға, бал-балаға. •Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.	Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру. Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат». Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. •Гүл-араға, бал-балаға. Қызыл гүл көзге алыстан шалынар
Серуен	<i>Аспанды бақылау</i> <i>Мақсаты: табиғаттың</i>	<i>Желді бақылау</i> <i>Мақсаты: балаларды</i>	<i>Күнді бақылау</i> <i>Мақсаты: балаларға</i>	<i>Су бетіне қатқан мұзды бақылау</i>	<i>Қарды бақылау</i> <i>Мақсаты: Қоршаған</i>

	<i>әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту.</i> <i>Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды.</i>	<i>табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.</i> <i>Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау.</i>	<i>адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру.</i> <i>Еңбек: бұтақтардың түбін тазарту</i>	<i>Мақсаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту.</i> <i>Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады.</i> <i>Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар»</i> <i>Мақсаты: ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.</i> <i>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».</i> <i>Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.</i>	<i>ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау.</i> <i>Болжам: көп қар- көп нан.</i> <i>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».</i> <i>Еңбек: тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру.</i>
Балаларды үйге қайтару	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.				

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып

Білім беру ұйымының атауы: С.Серіков атындағы ЖОББМ

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбы

Балалардың жастары: 5-6 жас

Жоспарлау күні: 04.12-08.12. 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 4.12.2023ж	Сейсенбі 5.12.2023ж	Сәрсенбі 6.12.2023ж	Бейсенбі 7.12.2023ж	Жұма 8.12.2023ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Зат не үшін қажет?» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың тапқырлығын, белсенділігін және ойлау дербестігін дамыту; балалардың тұрмыстық заттардың, құралдардың маңызы туралы білімін бекіту; оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	«Әрекетті бағала» дидактикалық ойыны. Мақсаты: сюжеттік суреттердің көмегімен балалардың жақсы және жаман істер туралы идеяларын дамыту; іс-әрекеттерді сипаттау және бағалау; сезімталдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	«Қармақ» ойыны Мақсаты: орнында секіру жаттығулары; ептілікті, қимылдарды үйлестіруді, зейінді дамыту	«Бөлшектен үй құрастыр» дидактикалық ойын Мақсаты: үй мен автобустың бөліктерін табуға үйрету; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, табандылықты дамыту	«Әрекетті таңда» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалар сөздігінде етістікті белсендіруді жалғастыру
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 7				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Әңгіме «Адам қандай болуы керек?» Мақсаты: адамның жеке басының кейбір қасиеті туралы білімді бекіту (мейірімділік, жауаптылық, адамгершілік, адалдық)	«Адам неге сенуі керек?» ойыны <i>(Доппен шеңберде)</i> Мақсаты: адамның өмірі жақсаруы үшін оған не сену керектігін білу. Өйткені, өмір игі істерге беріледі	«Мен кімін?» Мақсаты: туыстық байланыстарды білу (кім кімге керек): Мен анамын, ал сен маған кімсің? Кімнің үлкен, кімнің кіші екенін атай білу	«Өз қорқыныштарың туралы айт» жаттығуы Мақсаты: балалардағы нақты қорқыныштарды анықтау; өз қорқыныштары туралы ашық айту қабілетін дамыту	Балалардың жұмбақ ойлап шығаруы Мақсаты: адам туралы жұмбақтар жасауға үйрету (дене мүшелері, ішкі органдар туралы); сөздік қорын кеңейту
Білім беру	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

ұйымының кестесі бойынша ұйымдастыр ылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Мақсаты сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту «Жұп құр» ойын-жаттығуы Педагог тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине	Музыка Міндеті: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, Музыка тыңдау: «Алатау» (Н. Тілендиев, ұнтаспадан) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хоропроводтар: «Шаңырақ» ойыны	Дене шынықтыру Міндеті: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Мақсаты Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допды еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады.	Қазақ тілі Міндеті: - Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдыкталған орта құру. Мақсаты әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету Ойын: Кім не істейді? Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды. «Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту 1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал. 2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен сәйкестендір.
---	--	--	---	--	--

			Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады.	– Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді? Балалар Менің есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды. – Менің әкем құрылысшы болып істейді. – Менің анам дәрігер болып істейді.	
--	--	--	--	--	--

Үзіліс : «Әуедегі атыс»

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

